

Манасбай ҚОЖАНҰЛЫ

### ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТИН ТАҢБА АТАУЫ ХАҚЫНДА

В статье рассматривается лингвистическая роль тамгы как вида носителя информации, ее особенность. Сделан анализ нескольких видов тамгы, указаны виды тамгы которые встречаются у казахских племен и родов.

Makalede damganın dil fonksiyonu, iletişim, bilgi dağıtım özelliği söz konusudur. Türk halklarında birçok damga adları incelenir ve Kazak boyları damga şeması çizilir.

Қазақ халқының тарихи және ұлттық дүниетанымының қалыптасуында белгілі рөл атқарған, тарихи-мәдени және рухани мұра ретінде зерттелмей келе жатқан құндылықтарымыздың бірі – бүкіл түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының таңбасын лингво-мәдени түрғысында зерттеу, бүгінгі таңда қазақ тіл білімінің актуальды проблемаларының бірі. Себебі, көз келген шежіредегі таңбаның өн бойында белгілі бір ұлт пен ұлыстың, тайпа мен рудың арман-мақсаты жатады.

Ортағасырлық тарихи жәдігерлер мен түркі халықтарының шежіресіндегі түркі тайпаларының таңбасын көрсеткен деректер мол сақталған. Мысалы, М.Қашқаридің «Диван луғат-ит түрки» (Түркі тілдер сөздігі), Рашид аддиннің «Жамих ат-таварих» (Халықтар тарихы), Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркімен шежіресі», Қазақ шежірелері т.б. ондаған тарихи жәдігерлердің сонымен қатар, Қытай деректері мен Монголия, Сібірдегі байырғы түрк руникалық ескерткіштері мен барықтарда (ғибадатхана), жекелеген түрк руникалық майда жазуларда, ежелгі сақ (скиф), ұстындарында қашалған, жазылған мындаған таңбалар ұлттық құндылықтарымыз ретінде атауды болады.

Сондай құндылықтардың бірі – Осман Ақчокралының Қырымдағы сарайлар мен халық арасында сақталған таңбаларды құрастырған «Қырымдағы татар таңбалары» атты еңбегі. Автор оны 1926 жылы жазып Одессадағы Консул Ферид Текке тапсырғаны белгілі. Осы еңбек турали тарихи деректерге сүйенсек, ол ұзак уақыт Баязиттегі қалалық кітапханада сақталып, кейін жарық көрген. Осман Ақчокралының осы еңбегі турали және қырым татарлары таңбасы хақында Исмайл Отардың мақаласы жарияланса, ал башқұрттардың таңбасын жинақтап Д.Н.Соколов 1904 жылы Оренбургта жариялады.

Қазақтың ру тайпалары турали таңбаларын А.Левшин, Ш.Уәлиханов, А.Харузин, Л.Майер, Н.Гордеков, Н.Аристов, М.Тынышпаев, С.Аманжолов т.б. ғалымдар жинақтап, ол турали ғылыми-тарихи болжамдарын ұсыныстары мен тұжырымдарын жасағаны баршаға белгілі. Сонымен қатар, байырғы түркі руникалық алфавиттің шығу тегін таңбалармен байланыстыра

сөз еткен Н.А.Аристов, Д.Н.Соколов, Н.Малицкий, А.Ж.Эмре, Ф.Мұсабаевтардың зерттеулері таңбатануға қосылған үлкен үлес. Кейінгі жылдары “Ана тілі” газетінде жарық көрген қазақ шежірелері туралы материалдарды жинақтап жүйелеген Ж.Бейсенбаевтың «Қазақ шежіресі» атты кітабында ру, тайпалар таңбалары да назардан тыс қалған жоқ.

Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын ғылыми айналымға түсіріп, оның қыр-сырын ашуға талпынған ғалымдардың ішінде түрколог-ғалым С.Аманжоловтың [1.12-14] еңбегі аса зор. Ол ру, тайпалар таңбасы арқылы қазақ халқының тарихы мен тайпаларының шығу тегін қарастыруға жоғ көрсетті. Міне, осы ғылыми әдістеме соңғы жылдары Ө.Жәнібеков, С.Кенжеахметұлы, А.Мектептегі, Т.Омарбеков пен Х.Фабжалиловтың зерттеу еңбектері мен мақалаларында көрініс тапты [2.26-27; 3.93; 4.78; 5.32-49]. Бұл талпының үлтamyздың жасаған рухани құндылықтарын терендей зерттеп білуге, оның қыр-сырын ашуға септігін тигізетіні сөзсіз. Осылайша таңбатану ғылыми жаңа кезеңін бастады.

Таңбаның нышандық (символика), рәміздік атқаратын ролі мен оның құқықтық реттеу, үйлестіру міндеті, әлеуметтік, саяси ролін анықтау сонымен қатар таңбаның шығу тегі (семантика), мән мағынасын ашу және таңба арқылы тайпалардың шығу тегін, олардың динамикалық бірігу, бөліну қозғалысын анықтау, ол өз алдына жеке-жеке зерттеулерді қажет ететін тілдік, тарихи проблемалар.

Біз, бұл жерде оқырман назарына таңбаның тілдік қызметін, ақпарат беру (коммуникация), тарату ерекшелігін сөз етпес бұрын, оның 2000 жыл бойы ат қойылып аталып келген атауын анықтап, атқарған ролін көрсетумес қатар, соңғы кезде таңба туралы жазған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылыми әдебиеттерде жарық көрген таңбалар кестесін беруді де жөн көрдік.

Түрік этносының соңғы екі мың жылдық тарихында таңбаның бірнеше атауы тарихи деректерде сакталған. Сонымен:

1. «*belgū*»-таңба б.з. 751 жылы Біріккен түрік қағанатын орнатқан Ел – етміш Білге Тұр-айын қағанның I ескерткіші Тес ұстынына байырғы түрік әрпімен қашалып жазылған. Онда: «...el esir ilgerü qondy. *belgūsin, bitigis buurtu*» (Ел тағы ілгері қонды. Белгісін, жазуын бұнда ұрды.) (ТЭС II.3) – деп жазылған [6.26-27]. Онымен қатар 753 жылы тұрғызылған Теркіе ескерткішінде де «*buŋ jyllyg tūmen kūnlig bigitimin belgūmin bunta jaſy taſqā jaratdym*» (Мың жылдық түмен күндік жазуымды, белгімді мұнда жалпак тасқа жараттым (шектім), – деп жазып, ұстынға деген таңба қашаш қалдырған [6.42-43]. Қазіргі қазақ, түрік, қыргыз, өзбек, татар тілдерінде «*belgi*» сөзін қолдануда.

2. «*tuყraу*» – таңба.

Байырғы түрік әрпімен жартас бетіне б.з. VII-VIII ғасырларда жазылған. Жартас Монголия Ховда аймағының Уенч сұмының (өлке), Яман – ус атты жердің Ханан – хад (кереге жартас) деген тасына қашалған. Бұл жер Монгол Алтай тау жотасы. Онда: «*temčin tuყraу urtum*» (Темчін таңба ұрдым).

– деп жазып «*орак*» таңба қашап қалдырған [7.205-208].

А) «*tuyla*» (МК.I 462) – таңба.

М.Қашқари бұл атау туралы «Түріктер бұл сөзді білмейді, мен де білмеймін», – дей келіп, бұл сөзді тек қана оғыз тайпасы қолданатының нақтылап жазған [8.462]. Бұл туралы В.В.Бартольд: «Автор монгольской эпохи Ибн аль - Муханна приводит вместе на одной и той же странице, слово ярлык и *tugra*, ни известно, что слово тугра и потом употреблялись только сельджукскими, после них османскими турками и совершенно не было известно в Средней Азии. Вопрос о происхождении этого культурного слова, принесенного огузами в Западную Азию и совершенно неизвестного другим туркам, представлял бы большой интерес для историка» [9.102] – деп жазады.

Б) Рашид ад-диннің «Жамих ат-тауарих» шежіресінің Британ музей қолжазбасында «Oq tuyla oyzubuz» (Оқ таңбалы оғызыбыз) [10] деп сөйлем сақталған.

В) Бұғынгі Түркия түрікшесінде «*tuyla*».

Жоғарыдағы таңба сөзіне қатысты тарихи мәліметтерге назар аударсак, онда «Түграғ» сөзі тек қана оғыздар арасында ғана сақталып қалған депен жоғарыдағы деректер шындыққа жанаспайтын секілді. Себебі, б.з. VII-VIII ғасырларда бұғынгі Монғол жерінде, яғни Монғол Алтай таужотасың мекендеген Көк Түріктер бұл сөзді жақсы білген, әрі күнделікті өмірде қолданыста болғанына көзіміз жетіп отыр. Олар өшпестей етіп бүкіл бүтің бір жартастың бетіне қашап тұрып, жазып қалдырыпты.

Бұл атауды XII-XIII ғасырларда Монғол империясы қабылдап алғып, күміс ақшасының атын «тугрук» деп атапты [11.1493]. Сөйтіп, заман-уақыт өте бұл сөз монғол арасында «tögrüg» (төгрөг) болып өзгерген. Бұғынгі күндері монғолдар негізгі ақшасын «төгрөг» деп атайды.

3. «*tamya*» – таңба

а) Б.з. 732 жылы тұрғызған Құлтегіннің киелі кешеніндегі ұстында: «Түргеш қағаннан Мақараш таңбашы, (10) оғуз – Білге таңбашы келді» (КТ.II.13) [12.190].

б) «Тамға» (Chaust.L) – V-VII ғғ. Дунхуаннан табылған IX ғасыр мұрасы. Байырғы түрік әрпімен жазылған. ThS. III фрагментте; Яр-хата қаласының қирандысынан табылған TT-I фрагментте (TT.I129); TT.V шифлі, уйғыр әліпбиімен жазылған будда мәтінінде (Берлин коллекциясы) (TT.V.A<sub>53</sub>) IX-X ғғ; Құтадғу біліктің Наманған нұсқасында (QBN. 86<sub>12</sub>; 214<sub>12</sub>; 241<sub>1</sub>) – XI ғ. М.Қашқари еңбегінде (МК.I.424) – XI ғ. Монғолдың құпия шежіресінде (МНТ.§. 120) бұл атау жазылып сақталған.

в) 1326 жылдары Кебек ханың заманында Сырдария маңындағы түріктер ханының мөрін «Ал тамға» деп атайдыны туралы Ибн Баттута жазып қалдырған [9.162].

г) XIV ғасыр мұрасы Мұхаддимат ал-адаб сөздігінде түрікше Монғолша «*tamya*» [13.339].

д) қазіргі монғол [14.518], түрк [15.325], өзбек [16.553], татар [17.377,729-730] тілдерінде «*tamya*», «*damya*», казак тілінде «*taŋba*» [18.615].

4. «mühür» ~ «mör» – таңба. XIV ғ. мұрасы Мухаддимат ал-адаб [13.339]. Османлы империясы заманында түрік тілінде, қазіргі түркі тілінде «mühür» [15.616], қазіргі қырғыз тілінде «möör» [19.553], қазақ тілінде «mör» [18.467] монғол тілінде «mör» (i3) [14.313]. Фонетикалық өзгерісі mühür ~ möör ~ mör.

Сонымен, тіліміздегі таңба (термин) сөзінің тарихи атауы туралы деректерге хроникалық талдау жасағанымызда, төмендегідей кезеңдерде байқауға болады.

1. belgü ~ belgi атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ. бастап қолданыста болғаны;
2. tuğra ~ tuğra атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ.
3. tamya ~ таңба атау ретінде б.з. V-VII ғасырлардан бері.

4. mühür ~ möör ~ mör атауы XIV ғасырдан бері тарихи деректерде белгіленіп, бізге жетіп отыр. Бұл төрт атаудың таралымы шамамен шығысқа Хянған жотасынан, батысы Жерорта теңізі, Еуропаға дейінгі кеңістікте өмір сүрген түркі, монғол халықтарының арасында қолданыста болған. Сонымен қатар, қазіргі күнге дейін Алтай тілінің түркі, монғол тобының көптеген тілдерінде дерлік сақталған.

Ал ескерткіштер мәтіндері жағынан алғып қарайтын болсақ, олар төмендегідей: tamya, tuğra, belgü атаулары б.з. V-VIII ғасырларда рұстайпалардың таңбасын атайдынын көрсетумен қатар, VIII ғасырда қағанаттың хатқа басар, куәландыраң мемлекеттік белгісі, таңбасын «belgü» деп атайдыны жоғарыдағы Тәс, Теркін мәтіндерінде айғақталады.

Таңбаның mühür ~ möör ~ mör атау XIII ғасырдан кейін түркі халықтарының арасында қалыптасқан сияқты. Өйткені Mühür ~ mür сөзінің шығу төркіні мен беретін мағынасы (семантикасы) монғол тілінде “із, тапжол, белгі, іс қимылды аяқтағаннан кейінгі куәлік сияқты” мағынаны береді. Уақыт өте келе, бұл атау Монғол империясынан кейін түркі халықтары арасына тарапған, сөйтіп, таңба сөзінің түркі халықтарының арасындағы негізгі түркілік атаулары алғашқы үшеуі болған деген ой-пікірге жетелейді.

Жалпы түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының дүниетанымының қалыптасуында таңбаның үлкен рөл атқарғаны сөзсіз екені белгілі.

Таңбаның қоғамдағы алатын орны туралы ғалым А.Мектеп-тегі: «Таңба-қоғамдық дамудың интеллектуалдық қуатын, ойшылдық өріс қабілетін, даналық тұғыр деңгейін танытатын қасиетті нышан, ұлттық зерделеудің рәмізі. Қазаққа тән ортақ таным-түсінік, өзін-өзі құрмет тұтудың, елдік мұрат-мұдденің, арман-аңсардың, ерлік-өжет рухтың, айбыны мен айдының бейнелейтін кілтті түйіні – таңба.

... Таңба – қоғамдық қарым-қатынас құралының айрықша стратегиялық түрі», – деп жазса, ал С.Кенжеахметұлы: «Әз-Тәуkenің «Жеті жарғы» заңында «әр рудың, тайпаның, атalyқтың өз таңбасы болсын» деген жеке тарауы бар дей келе, белгі, таңба бұрыннан салт ретінде қалыптасқан», – дейді.

Қоғам қайраткері Ә.Жәнібеков өз зерттеулерінде қазақ рулары мен

тайпалары, жүздерінің таңбалары туралы: «...Рұлық-тайпалық белгі – таңбалар да өз алдына ерекше болған. Мәселен, қыпшактардың таңбасы қоқ әліп – араб жазуының қосар алынған алғашқы әрпі, қоныраттарда – босаға, наймандарда – бақан, дулаттарда – шылбыр, арғындарда – көз, алшындарда – айырық, шымырларда – айшық. Қанлылар өз таңбасына – шылбырды адайлар – садақты, шектілер – жебені қабылдаған», – дейді. Демек, қоғамда ру, тайпаның өз алдына елдіктерін білдіретін жеке-жеке таңбасы болғаның анық көреміз.

Осы орайда, өз алдына елдіктерін білдіретін жеке-жеке ру, тайпаның таңбаларын алғашқыда салт ретінде қалыптасқан деп қарасақ, бұл таңбалар қай рудың адамы екенін білу үшін өлгендердің басына қойылатын құлпытастарға, сондай-ақ, сонау ерте заманнан қоныстас, аралас-құралас көшіп-қонып жүрген ру-тайпалар араласып кеткенде немесе барымтағы үшыраған малдарын айырып алу үшін малдарына салынғанын көруге болады. Сонымен жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: таңба-әріп, жазу, малға басылатын белгі, мөр ретінде қолданылумен бірге ақша және лауазым орнына да жүрген деген пікірді айтуда болады.

Тіліміздегі рулық белгінің мән-мағынасын анықтауда салғастыра зерттеудің қажеттілігі туралы Ө.Жәнібеков: «Рулық белгілердің аражігін ажыратып, зер сала зерттеп, оларды өзімізге мәлім жазба және басқа да ескерткіштерден белгілі деректермен егжей-тегжейіне дейін салыстыра отырып, қазақ ру-тайпаларының тектік құрамын, шұғылданған кәсібінің сыр-сипатын, тарихтағы алған орнын анықтауға болар еді. Мысалға алсақ, қоныраттардағы «босаға» жерге, қонысқа, тұракты мекенге деген ықылас-құштарлықты бейнелеп қана қоймай, осы тайпаның жартылай отырықшы болғандығын аңғартады. Халық арасында кең тараған «Қонырат болсаң босағаң берік болсын!» деген нақыл сөз де осыдан қалған», – дейді.

Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында қыпشاқ тайпасының таңбасы: «Әліп таңба Қыпшактың,  
Атағы озған алаштан» (77-б), – деп жырланған.

Фалым Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты мақаласында: «ХV ғасырда атамекенінен ауып (босып), туыстық жағынан біріккен жақын руладар бас сауғалап, жаңа жерлерге келіп, тек келіп қана қоймай, өздерінің рулық-тайпалық патриархалды әдет-ғұрпын ала келіп, тұрғын халықтармен мидағараласып, әлсіздері әлді рулада қосылып, ірі-ірі жүз, ру, одактар құрылғаны байқалады», – деген пікіріне сүйенсек, өздері қосылған елдің таңбалық белгілерінің қабылдануы нәтижесінде, қазіргі руладағы ру-таңбалық белгілерінің қайталануы әбден зандылық екендігін көруге болады.

Осы орайда, қазақтың ру, тайпаларының таңбалары туралы Фалым С.Аманжоловтың схемасын негізге алып және соңғы кезде жарық көрген әдебиеттердегі материалдарды пайдалана отырып, қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын кесте арқылы ұсынып отырмыз. Сонымен:

**Кожанұлы М. Тұркі халықтары, оның ішінде ...**

№	Рұ аты	Таңбасы	Белгісі (суреті)	Исі жүз
1.	Қанлы	шылбыр, көсөу	1 ⚡	Ұлы жүз
2.	Сарыусін	ашамай, абақ	□ X	
3.	Дулат	дөңгелек, абақ	○ ○	
4.	Ысты	көсөу, шылбыр	1 ⚡	
5.	Oйық	көсөу, көз	1 oo	
6.	Тілік	көсөу	—	
7.	Сыйқым (Сиқым)	дөңгелек, бұрыш, көсөу	1 L ♀ ♀	
8.	Жаныс	дөңгелек, ілмек	> o →	
9.	Ошақты	тұмар	▽ △	
10.	Албан (Абдан)	дөңгелек	○ ♀	
11.	Бекболат		« »	
12.	Сіргелі (Ойсыл)	сірге, қурай	Ч А Ж Ә Ө +	
13.	Жалайыр	тарак	т	
14.	Шақшам	жебе		
15.	Шанышқылы	қолтаңба	T J T↓	
16.	Бестамғалы Бестаңбалы		Ү	
17.	Шымыр	айшық	Ø Y	
18.	Шапырашты	ай, тұмар	Y ▽ Y Y	
19.	Шынқожа		♀	
20.	Қоралас		♀	
21.	Суан	дөңгелек	Q Q	
22.	Ботбай	дөңгелек	Q Q Q	
23.	Сәмбет		Q	
24.	Қыпшақ	қос әліп		Орта жүз
25.	Қоңырат	босага	□	
26.	Санғыл	босага	□	
27.	Маңғатай (Маңғытай)		○	
28.	Найман	бақан, босага, шөміш	Y □ O - V	
29.	Бағаналы	бақан, бағана	Y X Ң X Y	
30.	Тарақты	тарак	т E	
31.	Жогары шекті	жогары шекті	Od	
32.	Төменгі шекті	төменгі шекті	OP	
33.	Арғын	көз	oo	
34.	Матай	бөрі	Г	
35.	Садыр	бөрі	○ оп	

36.	Керей	ашамай	X + □
37.	Ашамайлы	ашамай	X
38.	Абақ	абақ	□
39.	Уақ	бақан, ашамай	X □ ↗
40.	Ергенекі		Э€ И
41.	Ергенекті уақ	ергенек, ай	Э€ С
42.	Балталы	балта	P
43.	Қаракерей	мүйіз	T
44.	Бура		—
45.	Саржомарт (Ергенекті)	ергенек, ай	Э€ С )
46.	Төре		т т M.M
47.	Мансыр		
48.	Керейт	шылбыр, қылыш, крест	§ A ↑
49.	Тама	әліп, көсөу, тарақ	т ГІ
50.	Кете		
51.	Алшын		A
52.	Тана	көсөу, тарақ, әліп	т ГІ
53.	Қарасақал		A T V
54.	Масқар	бұрыш, бақан	Y L →
55.	Беріш	тостаган, тұмар	△ ○ ≥ Z
56.	Ысық (Есқали)	бақан, бұрыш	Y V
57.	Шөмекей (Шөмен)		≈ 1
58.	Алтын		Z A
59.	Серкеш (Шеркеш)	бақан, ілмек	Y A V
60.	Есентемір	бақан	Y V A
61.	Жүй		—
62.	Жағалбайлы (Сәду)	балға, балта, шеккіш	P T —
63.	Телеу	балға, шылбыр	A S → X +
64.	Төртқара (Қарамашак)		+
65.	Сунак		↑
66.	Мансыр		A R
67.	Алаша	бақан	Y V X
68.	Шекті (Жаманақ)	қос ішек	→ K Y S
69.	Жаппас	түйемойын	Z U X U
70.	Алтын-Жаппас	бұрыш, бақан, шылбыр	§ V L
71.	Таз (дар)	садақ, қамиши	↔ ↔ S
72.	Әлім (ұлы)		≥
73.	Табын	тарақ, көсөу, шөміш, тостаган	т I Q ↗ O
74.	Арғын		∞

## Қожанұлы М. Түркі халықтары, оның ішінде ...

75.	Терістаңбалы (Терістамғалы) табын		Ø	
76.	Рамадан	шөміш	Ø Ø	
77.	Қызылқұрт		I V II VI	
78.	Абдан (албан)		Ø	
79.	Оңтаңбалы (Оңтамғалы) табын		Ø	
80.	Кердери	тостаган	Q,	
81.	Адай (ядай)	садақ, оқ, жебе	I S + A V O v	
82.	Байбақты	балға, бақан	Y T O V - P	
83.	Каракесек		□ S	
84.	Қарық		∞	
85.	Қожса		I P	
86.	Төленгіт			
87.	Келімбет			
88.	Қаратамыр			
89.	Жогы	иылбыр	ʃ	

Корытындылай келгенде, ұсынылып отырған кестедегі қазақтың ру, тайпаларына ортақ таңбалардың әрқайсысының ерекшеліктерін, сипатын ашу – бүгінгі таңдағы лингво-мәдениеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 2003, ч. I.
2. Жәнібеков Ә. Уақыт керуені. А., 1992.
3. С.Кенжеахметұлы. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. А., 1998.
4. Мектеп-тегі. Таңбатану ілімі және ұлттық идея (усун.бод.боғда.бодан.хан-тенрі). Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы. Астана., 2004.
5. Омарбеков Т. Габжалилов Х. Ежелгі түркі, казак руладының таңбалары туралы.// “Алаш” журналы №1. 2005.
6. Сартқожа Қ. Объединенный каганат тюрков. Астана., 2002.
7. Тенишев Э.Р., Новоградова Э.А. Новые рунические надписи в горах Монгольского алтая. // История и культура Центральной Азии. М., 1983.
8. Қашқари М. Диван лұғат – ит түрк. Аударған В.Аталай. Анкара. 1978.
9. Бартольд В.В. Сочинения. Т. V. М. 1968.
10. Рашид-ад-дин. Жамих ат-тарварих.// Британ музейіндегі қолжазбаның фотокөшірмесі. СССР FA. Шығыстану институты. ИФВ – 242, 410-412 п.п. М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана қолжазбасы. ПНС-46. 217-227 п.п.
11. Türkçe sözlük. Т.II Ankara. 1998.
12. Жолдасбеков М., Сартқожа Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. I т. Астана, 2005.

13. Поппе Н.Н. Монгольский словарь Мукааддимат ал-Адаб. Ч. I-II. М-Л., 1938.
14. Цэвэл Я. Монгол хэлний тайлбар толь. УБ. 1966.
15. Мустафаев Э.М., Щербинин В.Г. Русско-турецкий словарь. Анкара. 1995.
16. Русско-узбекский словарь. Под редакции Р.Абдурахманов. М., 1954.
17. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т.1 СПб., 1869.
18. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын баскарған Т.Жанұзақов А., 1999.
19. Русско-киргызский словарь. Под редакции К.К.Юдахина. М., 1957.
20. Ш.Уәлиханов. Тандамалы. А., 1985.
21. Аманжолов А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1997.
22. Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров. Қазақ шежіресі хақында. А., 2000.
23. Қазақтың көне тарихы. А., 1993.
24. Қазақ шежіресі (Дайндаған: Ж.Бейсенбайұлы). А., 1994.
25. Х.Досмұхамедұлы, Аламан. А., 1991.
26. Т.Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда., 2003.
27. Б.Қорқытов. Атырау билері мен батырлары. А., 1992.
28. Интернеттің “Шежіре” сайтынан 23.08.05 жылы алынды.

## **RESUME**

**Kojanuly M. (Astana)**

**About the name tamga in genealogical Turkic peoples,  
including in the annals of Kazakh people**

**In article deals with feature the linguistic role as kind of a data carrier. The analysis of several kinds tamga is made, kinds tamga which are specified meet at the Kazakh tribes and sorts.**